



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

университеті», 2014 ж.

9. К.Ісләмжанұлы «Қазақтың отбасы фольклоры», Алматы «Арыс» 2007 ж.

10. К.Ісләмжанұлы «Қазақтың отбасылық ғұрып фольклоры» Автореферат. Алматы, 2004 ж.

11. Д.Кішібеков «Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең», Алматы «Ғылым», 1999 ж.

ӘОЖ 81'373.611:811.512.122

КОНЦЕПТ - ӘЛЕМНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ

Жанпейсова Аида Габибуллаевна

aida_lm@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті,
Қазақ тілі білімі кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Қ.Қ.Сарекенова

Когнитивтік лингвистиканың дүниеге келуі лингвистикалық зерттеулерде «концепт» терминінің кең ауқымда қолданылуына әкелді. Концепт - когнитивтік лингвистиканың тірек ұғымы, когнитивтік білім бірлігі. Адамның әлеммен өзара қатынасы нәтижесінде оның әлем туралы түсінігі қалыптасып, лингвистикалық әдебиеттерде әлем бейнесі деп аталып жүрген модель қалыптасады. Әлемнің бейнесі – адам болмысын суреттейтін іргелі түсініктердің бірі. Әлемнің бейнесі – бұл ойлау әрекетінің нәтижесі және шарты. Тіл бойына табиғи, климаттық, мәдени және өзге де адам өмірінің шарттарын білдірер өзгешеліктерді сіңіру арқылы дамиды, ат қою жүйесінің өзі әлемнің шексіз болмысын бейнелеуден туындайды [12, 26]. Соңғы жылдары когнитивтік лингвистикадағы күрделі мәселелердің қатарында адам санасында тіл арқылы бейнеленетін әлемнің тұтас бейнесін жасау маңызды орын алып отыр. Адам тәжірибе жинақтай келе, оны белгілі концептілерге көшіреді. Олар бір-бірімен байланысып, концептуалдық жүйені құрайды. Концептті адам үнемі нақтылап отырады. Бұл концепттің санадағы өзгергіштік қабілетімен түсіндіріледі.

Санада концептуалды жүйенің құрылу жолы логика қағидаларына жауап береді, оған логикалық қасиет тән. Бұл қасиет бір концептіден екінші концептіге логикалық өту мүмкіндігін анықтайды, яғни бір концептіні екінші концепті арқылы анықтау, бар концептілердің негізінде жаңа концептілердің құрылуы.

Жүйенің логикалылығы оның ішінде актуалды тәжірибемен игерілетін емес, біздің санамызға тіл арқылы келген жаңа концептілерді құруға мүмкіндік береді. Бұл адамның концептуалдық жүйесіне жалпылама ұғымдардың енгізілу мүмкіндігін түсіндіреді. Бұндай ақпаратты жүйеге тілсіз енгізу мүмкін емес.

Концептуалдық жүйелер туралы айта отырып біз оның адам санасында қалыптасуының келесі кезеңдерін - вербальді емес (тілдікке дейінгі), вербальді (тілдік); қасиеттерін – өзгергіштік (бұл қасиет тәжірибенің жиналуымен және жаңа білімнің алынуымен байланысты, логикалылық (бұл қасиет санада концептуалдық жүйенің қалыптасу үдерісінің ерекшеліктерімен байланысты) көрсете аламыз.

Әлемнің бейнесі – адам санасының шындығы, адам оны құруды өз өмірінің мақсаты етіп қояды: «адам қандайда бір қалыпты жолмен өз санасында әлемнің қарапайым және түсінікті бейнесін жасауға тырысады, белгілі бір дәрежеде бұл әлемді осылайша санасында жасаған бейнемен алмастыруға талпынады. Бұнымен суретші, ақын, философ тағы да басқалары әркім өзінше айналысады. Бұл бейнеге және оның қалыптасуына адам өз рухани өмірінің ауырлық орталығын жұмсайды» (Энштейн).

Адамдар ақиқат дүниені өзінің ана тілі арқылы ғана тани алады, біле алады, сезіне алады. Ақиқат өмірді тілде бейнеленгендіктен ғана көре аламыз, тани аламыз. Қыстың суықтығы, сұлудың сүйкімділігі туралы ұғым барлық ұлтқа ортақ болғанымен, әр тілдің өкілі

ретінде оларды адамдар өзінше түсініп бағалайды. Географиялық жағдайы, білім деңгейі, өмірден түйген өзіндік көзқарасы, жас мөлшері т.б. себептер аталған ұғымдардың түсініктерін, тіпті бір ғана ұлт тілінде сан түрлі өсімдік атаулары арқылы жасалған тұрақты тіркестер пайдаланып, жеткізумен ерекшеленеді. Әлемнің бейнесі тұтас болуы мүмкін – мифологиялық, діни, философиялық, физикалық әлемнің бейнесі осындай және әлемнің қандай да бір фрагменті локальді болуы мүмкін. Мысалы: Ел аузында гүлдің пайда болуы туралы небір әдемі аңыздар баршылық. Соның бірінен мысал келтірсем, Ерте заманда жер бетінде қатал қыс ұзақ аялдап, қақаған аяз кетпей тұрып алады. Сол заманда тау бөктерінде орналасқан жертөледе бір шағын отбасы өмір сүріпті. Отағасы жанұясын асырау үшін жұмыс іздеп жер дүниені шарлап кетеді. Әйелі мен екі перзенті оны күтумен болады. Күндердің күнінде қаңтар айының аяғында ұл бала қатты науқастанып қалады. Әбден шарасы таусылған ана тәуіптің көмегіне жүгінген екен. Тәуіп әйел оның кеселінің себебін анықтайды. Ол сәбиді емдеу үшін жаңа өсіп тұрған гүлдер мен жапырақтар керек екендігін мәлімдейді. Анасы мен бауырының қайғысына шыдай алмаған әпкесі емшіге керекті өсімдіктерді іздеп жолға шығады. Қараса, айналаның бәрі мұзбен шырмалып, қалың қармен көмкерілген. Бойжеткеннің бойын үрей билеп алады да, не істерін білмей, отыра қалып, қатты жылайды да, Құдайға жалбарына бастайды. Жүректен шыққан ыстық жастар қарды тесіп, жердің түбіне жетеді де, нәзік гүлдерді - бәйшешектерді оятады. Олар қардың қалың қабатын тесіп, өздеріне жол салып, ақырында жер бетіне шыға келеді. Қыздың жасы тамған жерлердің бәрі әдемі ақ гүлдермен әрленеді. Сұлу бойжеткен оларды теріп алып, үйіне алып барады да, інісі аман қалады. Содан бері бәйшешек - үкілі үміттің нышаны саналатын болған екен. Осылайша әр халықтың өмір туралы көріністері әлемнің бейнесіне қосылады: «Әрбір өркениет, әлеуметтік жүйе әлемді қабылдаудың өзіндік ерекше тәсілімен сипатталады» (А.Я.Гуревич). Бұдан шығатын қорытынды, әрбір лингво-мәдени орталықтың менталитеті айтарлықтай дәрежеде оның мүшелерінің әлемді тануы мен әлемді көруінен құралған әлемнің бейнесімен шарттандырылады. Әлемнің бейнесі ұғымы (соның ішінде тілдік те) адамның әлем туралы түсінігін зерттеуден құралады. Егер әлемді адам және оның өзара әрекеттеріндегі орта деп түсінетін болсақ, онда әлемнің бейнесі – «адам мен орта туралы өңделген ақпараттың нәтижесі». Адам өзінің әлем туралы түсінігінің шеңберіне сыймайтын құбылыстар мен аттарды байқауға бейім емес. Сыртқы әлем құбылыстары мен заттары адам санасында ішкі бейне санасында көрсетіледі.

Әлемнің бейнесі түрлі өлшемдер арқылы берілуі мүмкін: кеңістіктік (жоғары, төмен, оң, сол, батыс, шығыс, жақын, аласа), уақыттық (күн, түн, жаз, қыс), сандық. Этикалық және басқа өлшемдер. Оның пайда болуына тіл, дәстүрлер, таиғат және ландшафт, тәрбие, білім және басқа да әлеуметтік факторлар ықпал етеді. Философтар (Г.А.Брутян, Р.И.Павиленис) мен лингвистер (Ю.Н.Караулов, Г.В.Колшанский, В.И.Постовалова, Г.В.Рамишвили, Б.А.Серебренников, В.Н.Телия және т.б.) әлемнің тілдік бейнесі және концептуалдық бейнесі деп бөледі.

Тілдік формаға түсірілген бұл білімдердің жиынтығы түрлі концепцияларда түрлі аталады: «тілдік аралық әлем», «әлемнің тілдік репрезентациясы», «әлемнің тілдік моделі», «әлемнің тілдік бейнесі». Кеңінен таралған термин ретінде біз соңғысын таңдаймыз. Шынайы әлемнің көрінісі ретіндегі әлемнің бейнесі мен осы көріністің фиксациясы ретіндегі әлемнің тілдік бейнесінің арасында күрделі қарым-қатынас бар; олардың арасындағы шекара айқын емес, бұлыңғыр болып көрінеді. Адамның әлемді тануы қателіктер мен адасуларсыз болмайтындықтан, оның әлемінің концептуалдық бейнесі үнемі өзгеріп, қайта қалыптасып отырады, ал әлемнің тілдік бейнесі болса, осы қателіктер мен адасулардың ізін тағы да ұзақ сақтамақ.

Әлемнің тілдік бейнесі мен концептуалды бейнесі қатынасын шеше отырып, лингвистер қандайда болмасын бір концептердің қалай қалыптасатындығын анықтауға талпынады. Олар әмбебап болып табылатын, баршаға белгілі когнитивті үдерісті көрсететін негізгі когнитивті категориялардың (концептердің) бірқатарын белгілейді. Бұндай әмбебап концептерге кеңістік, уақыт, сан, достық т.б. жатады. Нақты бір заманға сай адамның өмірі

барысында әлемнің тілдік бейнесі концептуалдықтан бұрын болады және оны қалыптастырады, себебі адам әлемді де өзін де тілдік арқаында тануға қабілетті. Осы тіл арқылы қоғамдық-тарихи тәжірибе бекітіледі: жалпыадамзаттық да, ұлттық та. Бір жағынан адамның өмір сүру жағдайы, оны қоршаған материалдық әлем олардың санасы мен әрекетін айқындайды, ол тілде, ең алдымен, семантика мен грамматикалық формаларда көрініс табады.

Екінші жағынан, адам әлемді негізінен әлемнің ойы мен әрекетін, құрамын белгілейтін ана тілінің формалары арқылы қабылдайды. «Әлемнің тілдік бейнесі» термині бар болғаны метафора ғана, себебі шындығында адамдардың белгілі бір ұлттық қоғамының бірегей қоғамдық-тарихи тәжірибесі тіркелген ұлттық тілдің жеке ерекшеліктері бұл тілде сөйлеушілер үшін шынайы өмірден басқаша, қандайдабір қайталанбас әлемнің бейнесін емес, бұл әлемнің белгілі бір халықтың өмір салты, ұлттық мәдениеті, өмір сүру ерекшеліктері арқылы туатын, заттардың, құбылыстардың, үдерістердің ұлттық мәнімен, оларға деген жекелеген қатынастармен шарттандырылған жеке «бояуларын» тудырады.

Әлемнің тілдік бейнесі туралы білімнің негізін салушылардың бірі неміс ғалымы И.Гердер болып табылады. XX ғасырдың соңына қарай осы мәселеге арналған көртеген еңбектер пайда болды: С.А.Васильевтің, Г.В.Колшанскийдің, Н.И.Сукаленконың, Е.С.Яковлеваның, М.Блэктің, Д.Хаймстың, «Тілдегі адами фактор. Әлемнің тілі мен бейнесі» ұжымдық монографиясы (1988) және басқалары. Қазір бұл мәселе Н.Д.Арутюнованың, Ю.Д.Апресянның, А.Вежбицкаяның, Ю.С.Степановтың, В.Н.Телияның, В.Г.Гактың еңбектерінде қарастырылып жатыр.

Әлемнің бейнесіне арналған еңбектердің көп болуы бұл ұғымды егжей-тегжейлі түсіндіру қажеттілігін жояды. Ең бастысы әлемнің бейнесі адамның әлемді тануының негізгі бөлігі болып табылатындығын ескеру керек. Тіл – мәдениеттің фактісі, ол бізге мұраға қалатын мәдениеттің құрамдас бөлігі және оның құралы. Халықтар мәдениеті тілде вербалданады, мәдениеттің негізгі концептілеріне сөз арқылы іске асыра отырып, қуат беретін тіл болып табылады. Әлемнің тіл арқылы туындайтын үлгісі объективті әлемнің субъективті белгісі болмақ, ол әлемді бағындыру адами факторын, яғни барлық тілді қамтитын антропоцентризмді көрсетеді.

Онда концептілер – ұлттық-мәдени мағыналардың негізі, Ю.С.Степановтың айтуынша «мәдениет ұяшықтары». Оларды зерттеу арқылы халықтың әлемді тануының ерекшеліктерін, әлемнің ұлттық және концептуалдық бейнесін анықтауға көмектеседі.

«Әлемнің тілдік бейнесі» дегеніміз - «белгілі бір тілдің жинақталып алынған барлық концептуалдық мазмұны». Әлемнің сенгіш тілдік бейнесі «кәдімгі тілде көрсетілген әлемді қабылдау мен концептуалдау тәсілін білдіреді, бұнда тілдің негізгі концептілері барлық тілде сөйлеушілерге міндетті болып табылатын ұжымдық философияға, біртұтас көзқарастар жүйесіне қосылады».

Қазір әлемнің тілдік бейнесін зерттеудің бірнеше бағыттары бар. Әлемнің тілдік бейнесін халықтың рухани мәдениетін қайта қалыптастыру аспектісінде қарастыру; тілдің жекелеген жақтарын зерттеу: әлемнің тілдік бейнесін лексикада, теңеулерде, тұрақты тіркестер айнасында зерттеу. Кез келген аң, құс, жер-теңеуге жарай бермейді. Сол сияқты кез келген өсімдік атауы да теңеу бола бермейді. Өсімдіктің өз басында тән ерекше бір қасиет, өзгешелік болуы керек. Айтсақ, гүлді «қызғалдақтай» теңетіп тұрған нәрсе, ең алдымен оның түсінің қызылдығы, көктем кезінде шығатын жастығы, тартымдылығы, сүйкімділігі, содан кейін ғана біздің санамызға адам кейпінде, яғна тартымды, сүйкімді, нәзік, қыз бейнесін береді. Сондықтан да қызды қызғалдаққа теңейді.

Халық қазынасы болған фразеологизмдердің талай заманды басынан кешіріп, өңделе, ажарлана отырып, әбден шыңдалған сарасы ғана халық санасында сақталады. Олардың ескісін ескіртпей, жаңасын жаңғыртатын қасиеті-түр тұлғасының көркемділігі мен мағынасының тереңдігінде. Қызғалдақтар-қазақтар үшін бай лингвомәдени мәнге ие. Сирек өсімдік ретінде қазіргі кезде қызыл кітапқа енген. Қызғалдақ кез келген жерде өсе бермейді. Биік жерде өсетін қызғалдақтың бүр жарып ашылуын, жайқалып өсуінің өзіндік мәні, кезеңі

бар. Оның басқа гүлдерге ұқсай қоймайтын ерекшелігін қазақ даласында өскен бала ғана біледі. Қызғалдақтың отаны көп айтылып жүрген Голландия емес, Қазақстан дегенде болжам бар. Сондай ерекшеліктеріне орай ол қыздың сұлулығын, кейде қайта айналып келмейтін **жастық шақты** білдіретін концептке айналған.

Концепт қиын құрылымдағы ментальдық қалыптасу.

Концепт адам өміріндегі және оның қоршаған ортаны белгілі бір бірлік түріндегі алынған білім, тәжірибе, нәтиженің мазмұнының өзіндік абстрактылығын білдіреді.

Әртүрлі лингвомәдениетте концептуалдық әлемді қиялдау мен мүшелеу әртүрлі жағдайда жүзеге асады. Концептердің қабілеті тіл тасымалдаушылардың жеке эмоционалдық және мәдени тәжірибесі арқасында өседі және артады.

Қазақ тілінде концепт мәселесіне қатысты тың ойларды А.Исламның еңбектерінен кездестіреміз. Ғалымның көзқарасы бойынша «концепт дегеніміз – этномәдени санада сақталатын, белгілі бір ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ықшам, әрі терең мағыналы шындық болмыс, ұлттық мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым» [18,56]

Қорыта келгенде, концепт – адамның білім мен тәжірибесін және күрделі, көпқырлы құрылымға ие ментальді бірлік. Лингвистер концептіні әртүрлі құрылымдайды, бірақ барлығы концептінің құрамына көп бөлшектердің жататындығын көрсетеді. Әртүрлі концептерді талдай, салыстыра және байланыстыра ойлау қызметінде ол жаңа концепт тудырады. Әлдебір ақпаратпен алмасу мен сөйлесу жалпы мағынада вербальді және бервальді емес формада концепті алмасу мен сөйлесу дегенді білдіреді.

Қолданылған әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. Алматы: Жазушы, 1989. – 317 б.
2. Серғалиев М.С. Стилистика негіздері: Оқулық. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006. – 273 б.
3. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. – М., 1996. – 411 с.
4. Кубрякова Е.С. Части речи с когнитивной точки зрения. М., 1997. – 163 с.
5. Момынова Б. Тілдегі жаңа бағыттар мен типтік қатынастар. – Алматы: Арыс, 2009. – 160 б.
6. Ф. де Соссюр. Труды по языкознанию. – М., 1977. – 12-26 с.
7. Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика. Оқулық. – Астана: ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2011. – 168 б.
8. Ислам А. «Өмір» концептісінің тілдік көрінісіне лингвомәдени сипаттама // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. - 2003. - № 4. – 31-34 бб.

САЯСИ МЕТАФОРЛАРДЫҢ КОГНИТИВТІ-ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТІСІ

Жұбатхан Камшат

zhubathanova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті,
Филология: қазақ тілі мамандығының 2-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ж.Қ.Өмірбекова

Қазақ тарихында сөз құдіретіне бас идірген «түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» атанған Майқы би, Аяз би, Жиренше шешен, Асан қайғы, Шалкиіз, Бұхар жырау, Шортанбай, Дулат, Мұрат, Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билер заманындағы шешендік өнер мектебінің бүгінгі дәстүрі, сөздің киесі елді басқарушылардың, халық қалаулыларының, саяси тұлғалардың бойынан қалай көрініс тауып жатқандығын зерттеп, зерделеудің маңыздылығы ерекше. Қазақтың ас бай, шұрайлы тілінің елдегі барлық